

## **"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғат паркін ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1992 жылғы 12 маусымдағы N 142

1. Көкшетау облысы әкімінің және Қазақстан Республикасы Экобиоресурсминінің өтініш етуіне сәйкес, Шучье-Бурабай, Шалқар мен Имантау курорттық-рекреациялық аймағында "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғат паркін ұйымдастыру тиімді болады деп танылсын.

"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғат паркін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жеделдету, оның алдағы уақыттағы территориясында тиісті күзет тәртібін орнату мақсатында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы Өндірістік бірлестігінің Бурабай орман шаруашылығының базасында ұлттық табиғат паркін жобалау жөніндегі уақытша дирекция құру туралы Көкшетау облысы әкімінің және республикалық Экобиоресурсминінің ұсынысы қабылдансын.

2. Көкшетау облысының әкімі "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің уақытша дирекциясы туралы Ережені бекітсін және уақытша дирекцияны ұлттық парктің техникалық-экономикалық негіздемесі бекітілгенге дейін қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Премьер-министр